

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ЛИТЕРАТУРЫ И ИСКУССТВА ИМЕНИ М. О. АУЭЗОВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
COMMITTEE OF SCIENCE
M. O. AUEZOV INSTITUTE OF LITERATURE AND ART

**Ш. Қ. СӘТПАЕВАНЫҢ МҰРАСЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ПОЭТИКА ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ
ӘДЕБИЕТТАНУ**

*Халықаралық маңызы бар
Республикалық ғылыми онлайн конференцияның
материалдары
24 желтоқсан 2020 ж*

**НАЦИОНАЛЬНЫЕ ПОЭТИКИ И СРАВНИТЕЛЬНОЕ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В НАСЛЕДИИ Ш.К. САТПАЕВОЙ**

*Материалы
Республиканской научной онлайн конференции
с зарубежным участием
24 декабря 2020 г*

**NATIONAL POETICS AND COMPARATIVE LITERARY
STUDIES IN THE LEGACY OF Sh.K. SATPAYEVA**

*Materials
Republican scientific online conference
with international participation
December 24 , 2020*

Алматы, 2021

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Каз)
Н 35

Редакционная коллегия:

**К. Матыжанов, С. Ананьева (ответственный редактор),
Галай К., Т. Джафаров, А. Калиева, А. Карлюкевич,
С. Корабай, Б. Мамраев, А. Машакова (ответственная за
выпуск), М. Николас, Ж. Тлепов, А. Тусупова**

*Издание осуществляется в рамках грантового
финансирования КН МОН РК проекта AP08855803
«Казахстан и мировое литературное пространство:
компаративные исследования»*

**Национальные поэтики и сравнительное литературоведение в наследии
Ш.К. Сатпаевой (к 90-летию член-корреспондента НАН РК, доктора
филологических наук, профессора Ш.К. Сатпаевой): материалы
Республиканской научной онлайн конференции с зарубежным участием
(Алматы, 24 декабря 2020 года) / под общей редакцией С.В. Ананьевой. –
Алматы, 2021. – 376 с.**

ISBN 978-601-230-093-2

Научные доклады, выступления литературоведов, искусствоведов, критиков, издателей и преподавателей вузов Казахстана, Азербайджана, Беларуси, Литвы, России, США посвящены сопоставительному изучению национальных литератур в теоретическом и историческом аспектах. Значительный контент сборника – статьи о научном наследии, воспоминания о Ш.К. Сатпаевой, в трудах которой выявлены и обобщены казахско-русские, казахско-европейские литературные связи, раскрыты аспекты темы «Казахская литература и Восток», основные категории компаративистики (литература путешествий, рецепция, инонациональная проблематика, художественный перевод и др.). Статьи участников конференции носят обобщенно-теоретический и историографический характер, посвящены контактным литературным связям, исследованию казахской литературы и искусства в контексте диалога культур, анализу конкретного художественного произведения, типологическим параллелям. Публикуются в авторской редакции.

Сборник адресован студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям гуманитарных факультетов вузов Казахстана, искусствоведам и широкому кругу читателей.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-230-093-2

© Институт литературы и искусства им.
М.О. Ауэзова КН МОН РК, 2021

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Ж.С. Рақыш

Филология ғылымдарының кандидаты, М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты Қолжазба және текстология
бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан

Қазақ қоғамында жер дауы, жесір дауы, мал дауы, ер құны, құн дауы секілді дау-дамайды шешетін, қазылық жасайтын, жаугершілік заманда және елшілік кезінде төрелік айтатын билер институты болған. Шешендер сөз жарыстырғанда, билік айтқанда не туралы айтуды, қандай жағдайда қалай айту жолын жете меңгерген. Билер шешендік дауда төрелік берерде сөз сайысына түскен айтыскер ақындар сияқты дайындықпен келеді. Билік шешім кезінде айтылған ұшқыр ойға құрылған ұтымды уәж сөздер белгілі бір бидің атымен тарайды, кейін сол ұтқыр сөздер басқа биге қатысты айтыла бастайды. Ауыздан-ауызға көшіп келе жатқан мағынасы терең, тілі көркем, терең тұжырымды, логикалық ойға құрылған шешендік сөздер әр түрлі айтушының еркімен өңделін, өзгеріп халық мұрасына айналып жатады.

А. Байтұрсынұлы шешендік сөздерді жеке жанр ретінде алғаш қарастырып, оның саясат шешен сөзі, билік шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білімдар шешен сөзі, діни уағыз сөзі деген түрлерін бөледі. М. Әуезов шешендік сөздерді айтыс жанрына жақындатып билер айтысы деп, Қ. Өмірәлиев мақал-мәтелдердің ұлғайған түрі деп қарайды. Ә. Қоңыратбаев оны заңдық, нақылдық, философиялық, сатиралық деп жіктейді. Ә. Мәметова шешендік толғау мен шешендік дау деп екіге бөлсе, қазіргі кезде (Б. Адамбаев) шешендік дау, шешендік арнау, шешендік толғау деп бөлу қалыптасқан. Шешендік сөздер қара сөз түрінде де кездеседі, мазмұны мен құрылысы жағынан ұйқасқа құрылған нақыл сөзге, айтыстарға, мақал-мәтелге, қанатты сөздерге жақын келеді.

Әр кезеңдерде А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, Ә. Мәметова, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, Қ. Өмірәлиев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Адамбаев, Ж. Дәдебаев, М. Жармұхамедов, А. Бұлдыбай, С. Неғимов, Ғ. Қосымова, Б. Мамырайым, М. Ахетов, Р. Әлмұханова т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды. Жинап жа-

риялау ісіне Ы. Алтынсарин, В.В. Радлов, А.В. Васильев, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев, Ө. Тұрманжанов, Б. Адамбаев, Н. Төрөкұлов, Т. Кәкішев, Ж. Дәдебаев, І. Есхожин, А. Бисенғалиқызы, С. Қорабай т.б. атсалысты.

Тәуелсіздік кезеңінде шешендік сөздерге арналған отызға жуық жинақтар жарияланды, оның басым бөлігі бірнеше шешендердің сөздерін қамтыса, кейбірі бір ғана шешенге, атап айтқанда Сырым батырға, Бөлтірік шешенге, Ақтайлак биге арналған жинақтар болды. Сырым шешеннің мұрасын жариялап, зерттеген Балтабай Адамбаев еді. Сол себепті кейінгі жинақтарда Сырым шешеннің сөздері Б. Адамбаев жариялаған нұсқаның негізінде дайындалған. Ақтайлак бидің сөздерін жеке жинақ ретінде дайындаған Серікказы Қорабай ғылыми дәлдікті сақтап, шешеннің бұрын жарық көрген сөздерін еш өзгертпей жариялаған, ал бұрын жарияланбаған нұсқалардың жеке адамдар архивінен алынғанын көрсеткен.

Тобықты Қарамеңде бидің жиені Ұлы жүз ысты елінен шыққан Бөлтірік Әлменұлы шешендік мұрасының қолжазба нұсқасы түрлі жинақтардағы жарияланымдармен текстологиялық тұрғыда салыстырылды. Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорында Бөлтірік шешеннің сөздері қамтылған Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы сақтаулы [1, 117-118]. Қолжазбада қырғыз-қазақ бас қосқан мәжілісте байлықты жарыстырып айтысқанда (I) және қырғыз-қазақтың көптікті салыстырғанда (II), қырғыз ханының жалғыз баласына бата қыла барғанда (III), қырғыздың ханы Бөлтіріктің ұзынды-қысқалы киімін келеке қылғанда (IV) және сөз қағыстыруға әдейі алдырылған көсе қырғыз шешеніне (V) Бөлтірік шешеннің айтқан тапқыр да ұтымды жауап сөздері жазылған. Оны шартты түрде бес түрлі тақырыпқа бөліп, рим цифрымен белгіленді.

С. Дәуітов 1991 жылы 18 мамырда «Лениншіл жас» газетінде Бөлтірік шешеннің сөздерін Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы негізінде жариялаған. Мәтіндік салыстыру барысында түпнұсқадан аздаған ауытқулар бар екені, көсе қырғыз шешеніне Бөлтіріктің айтқаны мағыналық өзгеріске түскені, көптікті айтқандағы анайы сөз баспасөз бетінде көрініс таппағаны анықталды [2].

С. Дәуітов құрастырған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің екі томдық шығармалар жинағының 2-томында [3, 63-65], Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағының Н.Жүсінов құрастырған 6-томында [4, 121-122] Бөлтірік шешеннің сөзі қолжазбаның негізін-

де дайындалған. Ж. Дәдебаев құрастырған «Бөлтірік шешен» атты кітапта мәтіннің мазмұнынан туындайтын тақырып қойылған, түсінікте материалды С. Дәуітов дайындағанын, бұрын газетте жарияланғанын нақты көрсеткен [5, 17-19]. Бөлтірік шешен мұрасына арналған жинақ үш бөлімнен (Ділмар сөз. Билік сөз. Нақыл сөз) тұрады, онда 116 шешендік сөз (2-3 нұсқасын қоса есептегенде) қамтылған, ал Мәшһүр Жүсін Көпеев қолжазбасындағы I, III, IV және V шешендік сөздер кітаптың 1-бөліміне топтасқан. Бұлар ғылыми-көпшілік басылымдар, сонымен қатар тәуелсіздік кезеңінде көптеген шешендік сөздерге арналған көпшілік басылымдар жарық көрді. Солардың ішінде Бөлтірік бидің сөздерін де қамтыған: «Билер сөзі» (Құрастырған Т. Кәкішев, 1992), «Қазақтың би-шешендері» (Құраст. Н. Төреқұлов, М. Қазбеков, 1993), «Шешендік шиырлары» (Құраст. І. Есхожин, 1993), «Билер сөзі – ақылдың көзі» (Құрастырған Н. Төреқұл, 1996), «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (Құрастырған А. Бейсенғалиқызы, 1998), «Даланың дара ділмарлары» (Құрастырған Н. Төреқұл, 2001) сияқты жинақтар болды.

Кәкішев пен Есхожин құрастырған жинақтарда I, III және IV шешендік сөздер қамтылған, тек I сөз екінші нұсқа (Н. Төреқұлов ел аузынан жинаған) бойынша әзірленген. Төреқұлов құрастырған жинақта I, III, IV және V шешендік сөз қамтылған, V сөздің құрылымында, мазмұнында өзгешелік айтарлықтай. А. Бейсенғалиқызы құрастырған кітапта IV сөз ғана көрініс тапқан.

Орталық ғылыми кітапханада сақталған қолжазбада I әңгіме төмендегідей баяндалады: «Ұлы жүз: Үйсін, *Ошақты, Жалайырдың Жалайырынан* Бөлтірік би деген би шығыпты. Мұнымен замандас қырғыздың бір ханы *Бөлтірікпен* бақ күндес болып, қырғыздан пәлен шешен, түген шешен дегенді алдырып, айтыстыра беретін сықылды. Бір күні қырғыз-қазақтың бас қосқан жиылысында қырғыз-қазақ байлық айтысқанда, Бөлтірік би айтты дейді: – Қырғыз шіркіннің байлығы *гой*, көшкен сайын ошағын жұртына қалдырып *көшеді гой*, – деп. Ол сөзінің мәнісі – қырғыз ошақ алмайды, үш тасты ошақ қылып, қазан асады, көшкенде ол тасты артып көше ме, жұртта қалмақ қой».

Газетке дайындалған мәтінде де, екі томдықта да, көп томдықта да ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігін құрастырушылар ескермеген. Қолжазбада Мәшһүр Жүсін Бөлтірік шешеннің сөзіне түсінік береді, сөздің мәнін айқындап көрсетеді, ал 2-нұсқа бойынша авторлық

баяндау төл сөздің құрамына қосылып кеткен. Себебі Бөлтіріктің сөздері кесімді, кесек келеді. Бұл тұста да Бөлтірік аз сөзге көп мағына сыйғызып отыр. Қырғыз бен қазақ деген бауырлас, қоян-қолтық араласып отырған қауымға бір-бірінің өмір сүру дағдысы, көші-қон жағдайы таңсық емес, сол себепті Бөлтірік шешеннің аузынан айтылған сөз нысанаға дәп тиеді, үнсіз мойындалады.

Бөлтірік шешеннің қырғызбен байлық жөнінде айтысқаны тұрасында: «Сөздің айтылу түрі қырғызды кедей емес, бай етін көрсетеді, ал оның бүркеулі мағынасы бұған мүлде қарама-қарсы. Бөлтірік өзінің қарсыласына қырғыздардың қазан астына қоятын ошағы жоқтығын ғана айтып отыр. Бірақ шешен осы сөзі арқылы «қазан-ошағын түгендей алмай жүрген қырғыздың байлығы қай жерінде болмақшы» деген ащы ойды астарлы түрде жеткізеді. Бұл ойдың сөзбен сомдалу жолдары айшықты, ажарлы», – деп көрсетеді Ж. Дәдебаев [6, 148].

Қырғыз-қазақ бас қосқан мәжілісте көптікті салыстырғанда (II) Бөлтіріктің жауабы С. Дәуітов құрастырған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің екі томдық шығармалар жинағының 2-томында, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағының Н. Жүсінов құрастырған 6-томында жарияланған. Әдеттегідей қырғыз бен қазақтың басы қосылған жиын-тойда сөзден-сөз шығып Бөлтірік шешеннің суырып салып аяқ астынан қарсыласына қайтарған жауабын Н. Жүсінов қолжазбадағы «Және бір бас қосылған жиылыста қырғыз-қазақ көптік салыстырыпты» деген сөйлемді «Және бір бас қосылған жиылыста: Қырғыз, қазақ көптік салыстыр! –дейді» деп өзгертеді, нәліктен нұсқау мәніне ауыстырылғаны түсініксіз.

Қырғыз ханының жалғыз баласына бата қыла барғанда Бөлтіріктің жұбатуы (III) Мәшһүр Жүсін қолжазбасында былай берілген: «Қырғыздың ханының жалғыз баласы жардан құлап, қарансуалып қалыпты. Бөлтірік қожа білмес, бықсық байларына: – Саба жиыңдар, ту бие алып жүріңдер, ханның баласына бата қылайық, көңіл айтайық,– депті. Онда байлар: – Саба жиярмыз, ту бие апарармыз, не деп көңіл айтамыз, дәнеме білмейміз, – дегенде, Бөлтірік би саба апаратын, ту бие апаратын байға: – Алдымен сен сөйле: «Жазғытұрғы кез, жаманшылық уақ қой, өйтіп-бүйтіп бір сабаны әрең толтырып ап келдік», – де. Хан сөзіңе балқып сұлап жата кетер, сонда екінші біреуің айт: «Түйе шіркін мен төре шіркін басы бір қисайған соң оңа ма?» де, оған тете біреуің: «Төре өлмегенмен көп бола ма, бірі қалса

да тек бола ма?» – дегейсің», – депті. Үшеуі үш сөзге ие болып, ұғып алыпты.

Көтеріле аттанып барып, сабаны кіргізіп, хан алдына қойған соң, саба жиғаны масаттанып: – Алдияр тақсыр, жазғытұрғы уақ, жаманшылық кез ғой, бір сабаны өйтіп-бүйтіп әрең толтырып *ап келдік*, – дегенде, баласы өліп, қарансуалып отырған хан жарылып кете жаздап, құлай кетті дейді. Онымен қоймай, екіпші біреуі былшылдады, үшінші біреуі тағы сондай. Сонда Бөлтірік би: «Аққу құсқа оқ тисе, Қанатын суға тигізбес. Ақ сүйекке оқ тисе, *Қарашыға сырын білдірмес*», – деген, Көтер хан, басыңды, Мұңайтпа еліңді, Бекем бу беліңді, – дегенде, хан күлін жіберін, басын көтеріп: – Мына иттерді былшылдатып қойған сен екенсің ғой, – деген екен».

Ж. Дәдебаев, С. Дәуітов, Н. Жүсіпов дайындаған ғылыми-көпшілік басылымдарда мәтін қолжазбадан көп ауытқымаған. С. Дәуітовтің газетке және екі томдыққа дайындаған мәтімінде *қырғыздың ханы* – ілік септігінің жалғауы түсіп қалып *қырғыз ханы*, *ап келдік*, – *де* – *алып келдік дейсің*», – *депті*, *ап келдік* – *әкелдік* сияқты морфологиялық өзгерістер орын алған. Н. Жүсіпов дайындаған 6-томда: дәнеме – табыс септігінің жалғауы жалғанып дәнемені, сабаны кіргізіп, хан алдына қойған – сабаны үйге кіргізіп, хан қойған болып өзгерген, бір сөз (үйге) қосылып, бір сөз (алдына) түсіп қалған. Ал *өйтіп-бүйтіп* – *сиіп-тышып*, *саба жиганы масаттанып* – *саба жиган ит мазаттанып*. Алдияр тақсыр – Иар тақсыр деп өзгерткені мағыналық тұрғыда дұрыс емес, әрі қолжазбадан ауытқыған.

Бөлтіріктің қырғыз ханына баласы өлгенде көңіл айтып жұбатуы 7 өлең жолымен берілсе, Төрөқұловта тағы 15 өлең жолы, Кәкішевте, Есхожинде 16 өлең жолы қосылған. Қарайтылып берілген 4-жол аталған жинақтарда *Көршісіне сездірмес* болып өзгерген. Соңғы үш жол екі өлең жолымен ауысқан. Нәтижесінде хан – төрем болып өзгерген, *баққан* деген анықтауыш сөз қосылған, ал көтер басыңды деген жұбату сөзі қалып қойған. Қолжазбалық нұсқадағы ауызекі сөйлеу стилі көпшілікке арналған басылымдарда әдебиленген: *мына иттерді былшылдатып қойған* – *мыналарды сөйлетіп отырған*; *баласы өліп, қарансуалып отырған хан жарылып кете жаздап, құлай кетті дейді* – *хан реніш білдіріп қисая кетіпті*. Қолжазбада Бөлтірік үш байға үш түрлі сөз үйретіп қояды, жалғыз ұлынан айрылып жүрегі қан жылап күңіреніп жатқан ханға сөздің парқын білмейтін (Мәшһүр Жүсіптің өз сөзімен айтқанда қожа біл-

мес байлар) үш байдың сөзі жанын одан әрі жаралайды, қапа болған ханның басын көтерін бері карауына Бөлтіріктің ұтқыр сөзі сеп болады. Үйден шықпай тұрып Бөлтірік шешен ханның қандай ауыр күйде екенін шамалайды, оны орнынан тұрғызып қайғысын сейілту үшін алдын-ала қам жасайды, жоспар құрады. Бәрі де шешеннің ойластырғанындай болып шығады. Үш байдың ретсіз сөзімен кейін ханның ашуы ширығып, төзімі таусылады. Сонда ғана Бөлтірік би ханға жұбату сөзіп жеткізеді. Осындай ситуацияда ғана айтылған сөз өз үдесінен шығады, хан да Бөлтіріктің қулығын түсініп күлін басын көтереді.

Көпшілікке арналған басылымдарда «күліп жіберін» деген сөз тіркесі қалып қойған, алдымен сөз алатын байлардың саны үшеу емес, екіге қысқарған. Фольклорлық шығармаларда жиі қолданылатын үш санының бұл жердегі қызметі орын алып отырған әрекетті шегіне дейін жеткізу болып табылады, үш рет қайталанған сөз (әр қилы айтылғанмен, орынсыз сөз) іштей көңіл айту, жұбату сөзін күтін отырған ханның қытығына тиіп, ашуын туғызады. Сөз күдіреті де міне осында. Бөлтіріктің жұбату сөзі дәл әрі өте орынды айтылады, оң қабылданады.

Мәшһүр Жүсіп қолжазбасындағы біз IV санымен белгілеген қырғыздың ханы Бөлтіріктің ұзынды-қысқалы киімін келеке қылғаны туралы әңгімеде: «Бөлтірік қырғыздың ханына *бір барғанында*:

– Тойға баратұғын апайларша ұзынды-қысқалы киінін жүрғенің қалай? – деп, қырғыздың ханы күліпті. Хан күлген соң үй тола отырған қырғыз бәрі күледі ғой. Сонда Бөлтірік:

– Ой, тақсыр-ай! Ұл өскен соң, ұл киеді, қыз өскен соң, қыз киеді. Бала-шағамен мен киемін деп, киімге таласайын ба? Бір жаққа барарда солардың киімінің қай қолға түскенін кие саламын. Ұзыны болса, қызымдікі, қысқасы болса, ұлымдікі. Ұлы жоқ, қызы жоқ, қу бас болсам, *бір басыма* киім табылмай ма?— депті».

Мәшһүр Жүсіп қолжазбасындағы біз қарайтып көрсеткен сөз тіркесі (бір барғанында) Бөлтірік шешенге арналған жинақта «тағы бірде барғанда оған» болып өзгеріске түскен, газетте жарияланған мәтіндегі қате қайталанған, ал С. Дәуітов өзі құрастырған жинақта «барғанында», Н. Жүсіповте «бір барғанда» болып берілген. «бір басыма» – кейінгі көпшілік басылымдарда қалып қойған. Қолжазбада әңгіме «депті» деген бір ғана сөзбен түйінделсе, Кәкішевте: «хан-

ның баласыздығын жінішкелеп жеңіп кетіпті» болып, Төрөкұловта «деп манаптың қу бас екенін аңғартыпты», ал Бейсенғалиқызында жоғарыдағыдай, тек манаптың орнына бек алынған. І. Есхожин жинақты 1989 ж. Б. Адамбаев пен Т. Жарқынбекова құрастырған «Ел аузынан» атты жинақ негізінде дайындаған. «Ел аузынан» жинағын Ә. Шынбатыров әдеби өңдеп баспаға әзірлеген, яғни фольклорлық шығармаға өрескел редакторлық түзетулер жүргізілген. «Сонда Бөлтірік» дегеннің орнына «Бөлтірік бектің сұрағына шамданбай, сабырлы кейіпте», ал әңгіменің соңы «деп жауап катыпты. Бек перзентсіз екен. «Андамай сөйлеген ауырмай өледі» деген ғой. Ұялғаннан қып-қызыл болған бек: – Саған дауа жоқ екен, Бөлтірік, – деп теріс айналып жүріп кетіпті» деп аяқталады.

Бөлтірік шешенге арналған жинақта осы әңгіменің 2-нұсқасы бойынша қырғыздың бір манабымен әзілдесін сөз қағыстыратын Бөлтірік аулына келін түскен манаптың үстіне киімдерін әдейі ұзынды-қысқалы етіп киіп келеді, яғни Бөлтірік сөз қағыстыруға іштей дайындықпен келеді, оғаш киінудің сыры – сөз сайысында тағы да үстемдікке не болу үшін жасалған «какпан».

Мәшһүр Жүсіп қолжазбасында V әңгіме былай берілген: «Қырғызға жан сөйлетпейтін *әлемнен* озған алаяқ дегенмен хан Бөлтірікпен қағыстыруға *бір* шешен алдырып сақтапты. Бір *қалыпты* жиылыста Бөлтірік *гүлден* сөйлеп отырғанда қырғыз шешені: – «Ат жаманы сокпақшыл, адам жаманы такпақшыл» деген, – депті. Онда Бөлтірік: – «Сөздің көркі мақал-ды, ердің көркі сақал-ды», сақалы жоқ көселер қасабалы тоқал-ды, – дегенде көсе ұялып қалып тұра жөнеліпті. Онда Бөлтірік: – Көсені үйге кіргізбе, *көтін* жерге тигізбе, кесірі жұғар кәбірдің, қуалап жүріп *сигізбе*, – деген екен. Құдай *рахмат* қылсын Бөлтірік биге. Кісі болса осындай болсын».

Мәтінді газетке дайындаған С.Дәуітов тыныс белгілерін дұрыс қойып, тақпақты өлең жолымен беруі өте құптарлық жағдай. Дегенмен қолжазбадағы – мен қосымшасы *деген* сөзіне жалғанып даңқдақпырты бар деген мағына берін тұр. Фольклорлық шығарманы жариялаушы С. Дәуітов «ділмар бар екен» деген сөзді өз жанынан қосады. Сол себепті бір сөйлем екіге жарылған, *бір шешен – сол шешенді* болып өзгерген. Сақтапты – дайындапты, яғни өз шешенін қарсы қоюға баптап жүрген деген мағына береді, бұл сөйлемдегі *үйінде* сөзі басы артық, орынсыз қолданылған. *Қалыпты – қалың* сын есімі, *гүлден – гүрілден* көсемшелі етістік бірінің орнына бірі

ауысып колданыла береді, бұл жағдайда фольклорлық туындыны өзгертпей жариялау тұрғысынан алғанда дұрыс емес. Анайы сөзді (көтін – артын) басқа сөзбен ауыстырып колдану немесе көп нүктемен беру – кенестік кезеңде қалыптасқан нормалардың бірі.

Дәдебаев құрастырған «Бөлтірік шешен» жинағындағы (18-19 б.) айырмашылықтар: жан сөйлетпейтін – *жан сөйлеспейтін*, деген ділмар – *бір ділмар*, онда – *сонда*, жерге сүргізбе – *жерге сүйгізбе*. Қырғыздың есесін әр жерде-ақ жібермей жүрген сөзшең, шешен баспадан кеткен техникалық ақау нәтижесінде (солай ойлауға тура келеді) қырғыз ішінде қадірсіз, алаяқ ділмарға айналған. Қолжазбада «алаяқ» сөзі жағымды мағынада, жинақтағы мәтінде қарама-қарсы мән иеленген.

Н. Жүсінов құрастырған 6-томда: Бөлтірікпен қағыстыруға – Бөлтірікпен [сөз] қағыстыруға деп бергені өте орынды болған. Мұнда да *қалыпты – қалың* жиылыс болып берілген, ал *гүлден* сөзі к әрпімен таңбаланған.

Төреқұлов құрастырған «Қазақтың би-шешендері» жинағында осы шешендік сөздің екінші бір нұсқасы берілген, кіріспесінде сөзден есесі кетіп жүрген Сөк төре Бөлтірік шешеннен қарымтасын қайтармақ болып, бір шешен жігітін оған қарсы жұмсауға келісіп алады. Мұнда оқиға белгілі бір уақытта (күздің бір күнінде), белгілі бір жерде (Қаратаудың күңгей бетіндегі бір ауылдың тойында) өтеді. Бөлтіріктен өзге кейіпкерлерінде өзгешелік бар: хан – *Сөк төре*, қырғызға жан сөйлетпейтін әлемнен озған алаяқ (ділмар) шешен – *Сөк төренің бір шешен деген жігіті*. Қолжазбада әңгіме төрт бөліктен тұрса, бұл нұсқада «әлігі көсе байқұстың көпшілік ортасында маскара болып ұялғаны сонша, үйден шығып жүре берінті» (208-209) деген сөйлеммен аяқталған.

Қарастырып отырған мәтіндерде Бөлтірік шешенмен сөз қағыстыратын адамның дәрежесі (титұлы) өзгеріп отырады: Бөлтірікпен замандас қырғыздың бір ханы (қолжазба, Дәдебаевта), қырғыздың бір ханы (Кәкішевте, Есхожинде), 2-нұсқа бойынша бұрыннан сөз жарыстырып жүрген манап (Дәдебаевта), бір манап (Төреқұловта), бір бек (Есхожинде), Бөлтірікпен құрдас қырғыздың бір беі (Бейсенғалиқызында). Сонымен хан, төре, манап, бек болып суреттеледі.

Фольклорлық шығармаға тән нәрсе – көпварианттылық. Белгілі бір шешенге телінін жүрген әңгіме басқа бір биіге қатысты ай-

тылуы да мүмкін. Тыйым салынып келген шешендік сөздерді қысқа уақыт аралығында тезірек жариялау қажет болған кезеңде шешендік сөздердің жинағын дайындауға атсалысқан Б. Адамбаев, Н. Төреқұлов, Т. Кәкішев, Ж. Дәдебаев, С. Дәуітов, І. Есхожин т.б. қолжазбалық мұраларымызды жариялау мен насихаттаудағы еңбегі орасан зор.

Жарияланған мәтіндерде оқиғаның жалпы мазмұны ұқсас болғанымен тілдік-стильдік тұрғыда түрлене құбылып отырған, редакциялық түзетулер орын алған. Атап айтқанда сөйлем құрылысы өзгерген; жаңадан сөз қосып, сөзді басқа сөзбен алмастырған; сөйлемді екіге бөлген; қосымшалар мен жұрнақтарды қысқартқан. Тәуелсіздік жылдары баспа бетін көрген жинақтарға жүргізілген текстологиялық жұмысымыздың салыстыра-сараптау қорытындысы бойынша осындай кемшіліктер анықталды. Даналардан қалған асыл мұра – билердің шешендік сөздеріне деген оқырмандардың рухани қажетін өтегенмен, көпшілікке арналған басылымдардың кемшіліктері баршылық. Жинақтарда мәтінге редакциялық түзетулер, құрастырушының тарапынан өзгертулер негізсіз жүргізілген.

Әдебиеттер:

1 Мәшһүр Жүсін Көпеев жинаған ауыз әдебиеті // ОҒК: ш. 1645. – 117-118 б.

2 Бөлтірік шешеннің сөздері /Дайындаған С.Дәуітов // Лениншіл жас. – 1991. – 18 мамыр.

3 Көпеев М. Ж. Екі томдық. 2-том. Ауыз әдебиет үлгілері / Құраст. С.Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992. – 224 б.

4 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. Қазақ фольклоры, ауыз әдебиет үлгілері / Құраст. Н.Қ. Жүсіпов. – Алматы: Алаш, 2006. – 296 б.

5 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер / Құраст., түсініктерін жазған Ж.Дәдебаев. Жалпы ред. басқ. М.Жолдасбеков. – А.: Ғылым, 1993. – 144 б.

6 Дәдебаев Ж. Б.Әлменұлы және қазақ шешендік өнері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1996. – 180 б.

7 Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 204 б.; Дәдебаев Ж. Шешендер шығармашылығы // Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007; Әлмұханова Р. Шешендік

сөз // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007;
Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.; Жар-
мұхамедұлы М. Шешендік өнер. – Алматы: Мұраттас, 1998. – 256
б.; Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Білім,
2003. – 260 б.

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие	3
<i>Матыжанов К.С.</i> Неизгладимый след в науке	5
<i>Мамраев Б.Б.</i> Приветствие	8
<i>Абазов Р.</i> Национальные и мультикультурные парадигмы XX века	10
<i>Абишева С.Д.</i> О некоторых традиционных и индивидуальных фразеологизмах в поэзии М. Макатаева	14
<i>Абишева У.К.</i> Архетипические образы в романе «Сны окаянных» А. Жаксылыкова	20
<i>Айтжанова А.Н.</i> Философские идеи Абая Кунанбаева и их отражение в творчестве О. Сулейменова	29
<i>Алтысбаева Қ.Б.</i> Ш.Қ. Сәтбаева – Ш. Уәлиханов мұрасын зерттеуші ...	34
<i>Қ.Б. Алтысбаева</i>	34
<i>Алтыбаева С.М.</i> Эстетика мифа как когнитивного феномена	39
<i>Ананьева С.В.</i> Культурный трансфер и трансграничность как доминанта научных исследований Ш.К. Сатпаевой	50
<i>Арукенова О.А.</i> Образ другого в повести А. Кекилбаева «Колодец»	59
<i>Асавбаева Г.А.</i> Абай и европейская литература в оценке Ш.К. Сатпаевой	63
ПИОНЕР КАЗАХСТАНСКОЙ НАУКИ	68
<i>Ахетов А.К.</i> Пионер казахстанской науки	71
<i>Баянбаева Ж.А.</i> Проблемы диалога культур: опыт исследования Ш.К. Сатпаевой русско-казахских литературных связей	71
<i>Галай К.Н.</i> Литературоведческая компаративистика: современность ...	77
<i>Демченко А.С.</i> Методическая стратегия изучения романа Н. Веревошкина «Зуб мамонта» в вузовской аудитории	84
<i>Демченко Л.Н., Касенов С.Т.</i> Специфика жанра и стиля в литературах стран Центральной Азии и Казахстана	96
<i>Джафаров Т.Г., Джарчиева И.М.</i> Новые перспективы развития Евразии: в контексте стратегического партнёрства Азербайджана и Турции	102
<i>Джолдасбекова Б.У., Жаппарқұлова К.Н.</i> Фольклорно-мифологическая парадигма научных концепций М.М. Багизбаевой и Ш.К. Сатпаевой... ..	110
<i>Джумагалиева У.З.</i> Научное наследие член-корреспондента НАН РК Ш.К. Сатпаевой в современном изучении	116
<i>Жаксылыков А.Ж., Койшыгуль А.</i> Интеграция науки, образования и производства в условиях реформ	121

<i>Жұмасеитова Г.Т.</i> Жанрово-стилевые искания национальной хореографии XXI века	126
<i>Ісімақова А.С. Ш.Қ.</i> Сәтбаева – әдебиет теоретигі	133
<i>Қазтуғанова А.Ж.</i> Ахмет Байтұрсынұлы орындаған туындылардың көркемдік құндылығы.....	139
<i>Какильбаева Э.Т.</i> Применение гипертекстовых технологий в исследовании лирики Олжаса Сулейменова.....	148
<i>Қалисқарова А.Т.</i> Салыстырмалы әдебиеттану және мәдени катынас ..	155
<i>Карлюкевич А.Н.</i> Родник новых жизненных ориентиров	161
<i>Корабай С.С. Ш.Қ.</i> Сәтбаева – әдебиет тарихын зерттеуші	168
<i>Кунаев Д.А.</i> Типологически-сравнительная парадигма литературоведческих исследований	177
<i>Лауцюс Я.</i> Литература как путь познания себя.....	182
<i>Мәдібай Қ.</i> Шәмшиябану Сәтбаева Ыбырай Алтынсарыұлының «Шариат-ул ислам» еңбегін эгзегетикалық дәстүр негізінде зерттеу туралы.....	185
<i>Мамраев Б.Б.</i> Планы, которые должны были реализоваться.....	191
<i>Мамраев Б.Б., Ананьева С.В.</i> Литература и искусство в орбите научных интересов К.И. Сатпаева	196
<i>Машакова А.К. Ш.К.</i> Сатпаева – исследователь международных связей казахской литературы.....	208
<i>Ментебаева А.Е. Ш.Қ.</i> Сәтбаеваның отандық әдебиеттануды дамытуға қосқан үлесі	212
<i>Мұқан А.</i> Абайға тағзым: еліміздің бас театрдың жаңа қойылымдары мысалында	222
<i>Nicholas Mary A.</i> Text and Visual Art in Moscow conceptualism	238
<i>Нурғали К.Р.</i> Сравнительное литературоведение в Казахстане: от истории к современному состоянию.....	242
<i>Омарова А.К.</i> Писатели Казахстана о национальном оперном искусстве: «границы темы»	249
<i>Орда Г.Ж.</i> Шәмшиябану Сәтбаеваның «Уақыт шуағы» зерттеу еңбегі туралы	256
<i>Ордалиева Ж.С.</i> «Раскачивая песню в небе...».	
Музыкальное творчество Асета	263
<i>Пірәлі Г.Ж.</i> Шәмшиябану Сәтбаеваның зерттеулеріндегі Әуезов әлемі	274
<i>Рақыш Ж.С.</i> Шешендік сөздердің текстологиясы	280
<i>Сагандықова Н.Ж.</i> Многогранный талант ученого	290
<i>Сагинтаев Э.Б.</i> Мотив евразийства как ведущий в современной казахстанской прозе	299
<i>Сәрсенбай Ж.</i> Абай шығармаларының әлеуметтік сипаты.....	304

<i>Солтанаева Е.М.</i> Жұмабай Шаштайұлының «Үй мен түз» энгімесін фреймдік модельдер арқылы талдау	314
<i>Султан Е.</i> Художественный перевод как аспект современной компаративистики	320
<i>Таирова Г.А.</i> Особенности жанра «чиклит» на основе современной британской литературы	326
<i>Таттимбетова К.О.</i> «Казахский текст» русской литературы: от истоков до современных исследований	335
<i>Тахан С.Ш.</i> Вклад академика С.С. Кирабаева в казахское литературоведение	341
<i>Тілепов Ж.</i> Аса көрнекті ғалым Ш.Қ. Сәтбаеваның ғылыми мұрасы һәм оның Сәтбаевтар әулеті туралы шежірелік еңбегі	346
<i>Тусупова А.К., Узбекова Ж.В.</i> Всё остается людям	352
<i>Хамраев А.Т.</i> Восточная литература в научных трудах Ш.К. Сатпаевой (методологические аспекты)	357
<i>Шарипова Д.С.</i> Культурная память в культуре Казахстана. Фильм «Тризна/Кулагер»	363
<i>Шагимолдина М.О.</i> Қазақ ақын-жазушылары шығармаларының шетел баспаларында жарық көруі	369

Научное издание

**НАЦИОНАЛЬНЫЕ ПОЭТИКИ И СРАВНИТЕЛЬНОЕ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
В НАСЛЕДИИ Ш.К. САТПАЕВОЙ**

Материалы
Республиканской научной онлайн конференции с зарубежным
участием

Подписано в печать 20. 11.2021 г.
Формат 60*90/16. Объем 23.5 п.л.
Бумага офсетная. Печать офсетная.
Тираж _____ экз.